

**«К. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-нің педагогикалық кеңес
отырысының №1
Хаттамасы**

29 тамыз 2023 жыл

Қатыскандар: 43

Қатыспағандар: 1

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы - Қ.Т. Ашимханов
2. 2023-2024 оқу жылына арналған ӘНХ ерекшелдіктерімен таныстыру - Қ.Т. Ашимханов
3. Жазғы демалысты ұйымдастырудың қорытындысы. Тәрбие бағдарламасы – Г.Ж. Тагаева
4. Мектепшілік бақылауды жүзеге асыру- Д.Б.Унұспаева
5. Әр түрлі сұрақтар

1. Тындалды:

Мектеп директоры К.С. Байғалиев – педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1-сұрақ бойынша ОІМ К.Т.Ашимханов сөз алды. 2022-2023 жылдың қорытындысын салыстырмалы түрде айтып өтті. Жалпы білім сапасы мектеп бойынша 2022-2023 оқу жылында 57% көрсетті. Оқу үздігі -38, екпінді – 103, жалпы – 259 оқушы оқу жылын толығымен аяқтады. Жаңа 2023-2024 оқу жылында білім сапасын әлі де көтеру керек.

Күн тәртібіндегі 2-сұрақ бойынша ОІМ К.Т.Ашимханов сөз кезегін алды. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 1-2 сыныптарда «Еңбекке баулы», «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні кіріктіріліп оқытылады. 1-сыныпта «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады. 2-сыныптарда «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады. Жоғары сыныптарда «Ағылшын тілінен» оқу жүктемесі 1 сағатқа артады. Негізгі орта (5-8) жалпы орта 10 -сыныптарда білім беру деңгейінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізілді деп атап айтты. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту керек екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі 3-сұрақ бойынша ДТІЖО Г.Ж. Тагаева сөз алды. Жазғы мектеп жанындағы «Айналайын» лагері 2 ауысымда жұмыс жасағанын айтып, сонымен қатар үйірме жұмыстары ұйымдастырылып

өткенін атап өтті. Мектеп жанындағы үлескіде 5-8 сынып оқушылары жұмыс жасады. Жоспарға сай барлық іс-шаралар өз уақытында өткізілді.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Мектепте ата-аналар қауымдастығы өзара іс-қимылын нығайту «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру керектігі айтылды. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары «Ар ұят және жауапкершілік», «Біздің қоғамдағы әділеттілік», «Іс-әрекеттегі мейірімділік», «Отаншылдық және оның мәні» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізу ұсынылды. Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпы адамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі 4-сұрақ бойынша ДООЖО Д.Б.Унұспаева сөйледі: мектепшілік бақылауды жүзеге асыру бойынша жүргізілетін жұмыстар жайында айтып өтті. Жыл бойы өткізілетін олимпиада, сайыстар туралы айтылды. Әртүрлі мәселер бойынша сұрақтар қойылып, сәйкесінше жауаптар алынды.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарға сәйкес жылдық жоспар және оқу-тәрбие жоспары бекітілсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Дауысқа салынды.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:



К.С. Байғалиев

Хатшы: *А.О. Мадыбаева* А.О. Мадыбаева

**«К. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-сі педагогикалық кеңес
отырысының №2**

Хаттамасы

23 қараша 2023 жыл

Қатыскандар: 44

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

- 1) 2023-2024 оқу жылы 1-тоқсанның қорытындысы
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т. Ашимханов.
- 2) Мұғалімдерді аттестациялаудың жаңа ережесі
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Б. Унусаева.
- 3) 2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің рейтингісінің жүргізілуі
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Б. Унусаева.
- 4) Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы Г.Ж. Тагаева.
- 5) Әртүрлі сұрақтар

Тындалды:

Мектеп директоры К.С. Байғалиев – педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1-сұрақ бойынша ОІМ К.Т.Ашимханов сөз кезегін алды.
2023-2024 оқу жылының 1-тоқсаны бойынша анықтама ұсынылды.

2 «А» - 75%

2 «Ә» - 61 %

3 «А» - 69 %

3 «Ә» - 69 %

4 «А» - 60 %

4 «Ә» - 58 %

Жалпы 78 оқушы, білім сапасы 65%

5 «А» - 46 %

5 «Ә» - 57 %

6 «А» - 60 %

6 «Ә» - 67 %

7 «А» - 50 %

7 «Ә» - 36 %

8 «А» - 58 %

8 «Ә» - 45 %

9 «А» - 46 %

9 «Ә» - 46 %

Барлығы – 134 оқушы. Білім сапасы 51%.

10 «А» - 36 %

10 «Ә» - 47 %

11 «А» - 67 %

11 «Ә» - 51 %

Барлығы – 50 оқушы. Білім сапасы 56%.

262 оқушы, үздіктер - 45, екпінді – 100. Білім сапасы -56%

5 «А», 7 «Ә», 8 «Ә», 10 «А», 10 «Ә», 11 «Ә» - білім сапасы 50% және одан төмен пәндер математика, алгебра, физика, химия, биология, ағылшын, жаратылыстану, география, орыс тілі, қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

5 «А» сыныбында өткен оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы 60 % көрсеткен. Биылғы оқу жылында 6 оқу озатының 3-уі оқу екпінділері қатарына төмендегендер: Ақан Н. Кітан Е.

5 «Ә» сыныбында өткен оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы 69 % көрсеткен. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша 12 %-ға төмендеген.

Ұсыныстар:

1. Пән мұғалімдері сабақтың өткізілу сапасын арттыру.
2. Сынып жетекшілер оқушылардың үлгерім сапасына апта сайын бақылау жасау.
3. Сынып жетекшілер пән мұғалімдерімен, ата-аналармен үнемі байланыста болып жұмыстар жүргізу.
4. Мектеп әкімшілігі білім сапасы төмен сыныптармен пәндерді мектепшілік бақылауға қойып жұмыстар жүргізу.
5. Мектеп психологы білім сапасын көтеруге ықпал ететін тренингтер ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі 2 және 3-сұрақтар бойынша ОІМ Д.Б.Унұспаева сөз кезегін алды.

1-ші кезекте мұғалімдерді аттестациялаудың жаға ережелерімен, өзгерістермен таныстырып өтті. Барлық санаттағы мұғалімдердің аттестациядан өту ережелерімен таныстырып, жаңа ақпараттар ұсынды.

2-ші кезекте мектепшілік мұғалімдердің рейтингісінің жүргізілуі туралы ақпарат ұсынды. 2023-2024 оқу жылында атқарылатын жұмыстардың тізбесі көрсетіліп, сәйкесінше әр бағыт бойынша ұпайлар қойылып, жыл соңында бағалау жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі 4-сұрақ бойынша ТІМ Г.Ж.Тағаева сөз кезегін алды. Мектеп асханасында тегін ыстық тамақ ұйымдастыру туралы ақпарат беріп өтті. 1-4 сыныптарда оқитын 101 оқушы, 5-11 сыныптарда аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларынан 71 оқушы, мектеп бойынша барлығы – 172

оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, жұма күні санитарлық күн болады.

Әртүрлі мәселелер бойынша бірқатар тапсырмалар беріліп, жауапты тұлғалар тағайындалды. Ұстаздар мен оқушылар қатысқан сайыстар сараланып, тапсырмалар берілді.

Қаулы:

1. Сыныптар мен пәндер бойынша көрсетілген білім сапасының нәтижелеріне сәйкес барлық ұсыныстар мен тапсырмалар назарға алынсын.
2. Мектепішілік бақылау жүргізіліп, сәйкесінше жеке пәндер мен сыныптар бойынша тексеру жұмыстары жүргізілсін.
3. Мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылықпен айналысып, сайыстарға қатысуы үнемі бақылауда болсын.
4. Мектеп бойынша ыстық тамақтың ұйымдастырылуы үнемі назарда ұсталынсын.
5. Оқушылардың мектептің ішкі тәртібін бұзбай сәйкесінше оқу-тәрбие үрдісі кемшіліксіз өтуі ОІМ және ТІМ тарапынан үнемі бақылауда болсын.

Дауысқа салынды.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы: 

К.С. Байғалиев

Хатшы:  Д.Д. Мухатова



«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

педагогикалық кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

12 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: 43

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан бойынша білім сапасының қортындысы
2. I жартыжылдықта мұғалімдер қызметінің нәтижелері және оқушылардың әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға олимпиадаларға қатысу сапасы.
3. Қортынды аттестацияға, ҰБТ ға дайындық жұмыстарының барысы, мәселелері мен тиімді жолдары.
4. Әртүрлі сұрақтар.

1. Тындалды.

Мектеп директоры К.С Байғалиев педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша ОІМ Қ.Т. Ашимханов сөз кезегін алды. 2023-2024 оқу жылының II тоқсанының білім сапасы бойынша анықтама ұсынылды:

Бұл анықтама бойынша осы тоқсан бойынша сыныптар мен пәндер бойынша білім сапасы мынадай болып келеді:

Сыныптар бойынша

Сынып	Оқушы саны	Оқуүздіктері	Екпінді	Білімсапасы
2 «А»	12	2	7	75
2 «Ә»	13	5	3	61
3 «А»	13	4	5	69
3 «Ә»	13	6	4	77
4 «А»	15	2	10	80
4 «Ә»	12	3	5	67
Жалпы	78	22	34	71
5 «А»	15	4	4	53
5 «Ә»	14	6	2	57
6 «А»	15	2	8	67
6 «Ә»	15	2	8	67
7 «А»	16	2	8	62
7 «Ә»	14	1	6	50

8 «А»	12	3	3	50
8 «Ә»	11	0	5	45
9 «А»	11	4	3	63
9 «Ә»	11	2	5	63
	134	27	52	58
10 «А»	11	0	5	45
10 «Ә»	15	2	5	47
11 «А»	9	0	5	55
11 «Ә»	15	0	8	53
	50	2	23	51
	262	51	109	60

Сыныптар бойынша І тоқсанмен салыстырғанда білім сапасыз «ә» сыныбында 10 %, 4 «А» сыныбында 20%, 4 «Ә» сыныбында 9 %, ға жоғарылады. Жалпы бастауыш сыныптарда б/с 71 %, салыстырмалы түрде 6 % -ға жоғарылады

5-9 сыныптар аралығында 5 «А» сыныбында 7 %, 7 «а» сыныбында 6 %, 7 «а» сыныбында 12 %, 7 «ә» сыныбында 14 %, 8 «а» сыныбында 8 %, 9 «а» «Ә» сыныптарында 17 %, дан көтерілді. Орта буында білім сапасы 51 %,-дан 58 %, ға артты.

10-11 сыныптарда 10 «а» сыныбында 9 м, жоғарыласа. 11 «а» сыныбында 12 %, ға төмендеген. Жалпы білім сапасы 51 %.,

Мектеп бойынша б/с 60 % көрестіп отыр.

Пәндер бойынша 1 сабақтан «3» деген бағамен қортыланған оқушылар:

5 «ә» сынып оқушысы Ерболатқызы А орыс тілі пәнінен, 7 «ә» сынып оқушысы Ақикат Б., физика пәнінен, 8 «а» сынып оқушысы Амангельдина А. алгебра пәнінен, 11 «а» сынып оқушысы Қалық Қ. Орыс тілі пәнінен жалғыз үш деген бағамен қортылып отыр.

Білім сапасы пәндер бойынша төмен көрсеткен сыныптар

№	Сынып	Оқушы саны	Пән	Білім сапасы (%)	Пән мұғалімі
1	10 «А»	11	Алгебра	45	Оразаева Ж.Ж.
	10 «Ә»	15	Алгебра	46	Оразаева Ж.Ж.
	8 «Ә»	10	Алгебра	50	Оразаева Ж.Ж.
2	7 «Ә»	14	Физика	50	Жақсыбаев С.Ж.
	8 «Ә»	10	Физика	50	
	10 «Ә»	15	Физика	46	
	8 «Ә»	10	Химия	50	Есмұрат Г.
	10 «А»	11	Химия	45	

	10 «Ә»	15	Химия	46	
3	11 «Ә»	15	Химия	53	
4	10 «А»	11	Ағылшын	45	Насынгалиева Д.А.
5	10 «Ә»	15	Ағылшын	46	
6	10 «А»	11	Қаз тарих	45	Ахметова А.Қ.
7	8 «Ә»	10	Орыс тілі	50	Болт Н.В.
8	10 «А»	11	Қаз әдебиеті	50	Бажаева Т.М.
9	8 «Ә»	10	Қазақ тілі	50	Мадыбаева А.О.

Білім сапасы төмен көрсетіп отырған сыныптар 7 «Ә»,8 «Ә»,10 «А» , 10 «Ә», .Білім сапасы 50 % және одан төмен пәндер : алгебра,физика,химия ,ағылшын,орыс тілі ,қазақ тілі ,қазақ әдебиеті.

Ұсыныстар:

- 1.Пән мұғалімдерінің сабақтың өткізілу сапасын арттыру.
2. Сынып жетекшілер оқушылардың үлгерім сапасына апта сайын бақылау жасау.
3. Сынып жетекшілер пән мұғалімдерімен,ата-аналармен үнемі байланыста болып жұмыстар жүргізу.
- 3.Мектеп әкімшілігі білім сапасы төмен сыныптар мен пәндерді мектепішілік бақылауға қойып, жұмыстар жүргізу.
4. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын өткізу,оқушылардың үй тапсырмаларын орындаудыназарға алуы қажет.
5. Мектеп психологі білім сапасын көтеруге ықпал ететін тренинг,сауалнамалар т.б. ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі II сұрақ бойынша ОІМ Д.Б Унусаева сөз кезегін алды. 2023-2024 оқу жылының II тоқсаны бойынша әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобалар мен олимпиадаларға қатысу сапасының көрсеткіштерімен таныстырып өтті. Сонымен қатар мұғалімдердің I ж.ж қол жеткізген нәтижелерімен таныстырып, мұғалімдердің шығармашылықпен айналысу белсенділігіне сараптама ұсынды. Келешекте жоспарланған басқа да сайыстарға қатысу мүмкіндіктерімен ықтимал нәтижелерге тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі III сұрақ бойынша Қ.Т.Ашимханов сөз кезегін алды.

ҰБТ мен қортынды аттестацияға дайындық туралы ақпарат ұсынды. Мектеп бітіруші сыныптардағы оқушылардың жалпы дайындығы мен білімдерін тексеру сынақ жұмыстарының нәтижелерімен бөлісті. Сараптама жасалды. Ықтимал қортындылар туралы болжаулар жасалды.

Таңдау пәндері:

- 1.Математика -12
- 2 .Физика -7
- 3 .Информатика- 4
- 4 .Биология-10
- 5 .Химия-6
- 6 .География-6
- 7 .Ағылшын тілі-1
- 8 .Дүниежүзі тарихы-1

Сонымен қатар, барлық оқушының таңдаған ЖОО мен мамандықтары жайлы мәліметтер назарға ұсынылды. Таңдау пәндері бойынша пән мұғалімдерінің дайындық жүргізулері туралы ескертулер мен ұсыныстар жасалды. Тапсырмалар берілді.

Қаулы:

1.Тоқсан қортындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар мен жекелей оқушылармен жұмыс зерделеніп, бақылау және тексеру жұмыстары директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.

2.Мұғалімдердің қызметі мен оқушылардың әр түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысуы үнемі бақылауда болсын.

3.ҰБТ мен қортынды аттестацияға дайындық жұмыстары сапалы әрі үздіксіз жүргізіліп отырсын.

Дауысқа салынды. Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:



К.С.Байғалиев

Хатшы:



Д.Д.Мухатова



«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

педагогикалық кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

08 сәуір 2024 жыл

Қатысқандар: 42

Қатыспағандар: 1

Күн тәртібінде:

1. III тоқсан білім сапасының қортындысы К.Т.Ашимханов.
2. 9,11 сыныптарда қортынды аттестацияның өткізілуі.
5-8, 10- сыныптардағы емтихандардың өткізілуі. К.Т.Ашимханов.
3. Мұғалімдердің аттестациядан өткізілуі. Д.Б.Унускаева.
4. Мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылуы.
5. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы.
6. Әр түрлі сұрақтар.

Тыңдалды.

Мектеп директоры К.С. Байғалиев педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша ОІМ Қ.Т. Ашимханов сөз кезегін алды. 2023-2024 оқу жылының III тоқсанының білім сапасы бойынша анықтама ұсынылды:

2023-2024 оқу жылының III тоқсанның білім сапасы бойынша анықтама

Сыныптар бойынша

Сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпінді	Білім сапасы	Б/с салыстырма
2 «А»	12	3	6	75	
2 «Ә»	13	5	4	69	+8 %
3 «А»	14	3	7	71	
3 «Ә»	13	6	4	77	

Емтихан бойынша мынадай ақпарат ұсынылды:

Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі

Күн тәртібіндегі III сұрақ бойынша ОІМ Д.Б.Унұспаева мұғалімдердің аттестадан өткізу туралы, өзгерістер мен толықтырулар туралы айтып өтті.

«Педагог модератор» біліктілік санатын тұңғыш рет алуға үміткер педагогтер үшін ПББ келесі тапсырмалардан тұрады:

2) бастауыш білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

3) негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін:

«педагог» біліктілік санаты – 50%;

«педагог-модератор» біліктілік санаты – 60%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты – 70 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты – 80 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты – 90 %.

Уәкілетті орган айқындаған ұйым ПББ-дан өткен педагогтердің электрондық деректер базасын бес жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

Білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым аттестаттаушы органдарға тестілеу нәтижелері бар электрондық сертификаттарды тексеру үшін қолжетімділік береді.

30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар барлық лауазымдардың педагогтері біліктілік санатын растау кезінде ПББ тапсырудан босатылады, қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтетіндігі туралы ақпарат ұсынды.

Күн тәртібіндегі 4-5 сұрақтар бойынша ТІМ Г.Ж Тагаева сөз кезегін алды.

Мектеп асханасындағы тегін ыстық тамақты ұйымдастыру туралы айтып өтті. Бұл үрдіс № 598 бұйрық негізінде жүзеге асырылу барысында мектеп бойынша мынадай жұмыс ұйымдастырылуда:

1-4 сыныптарда оқытын 102 оқушы, 5-11 сыныпты азқамтылған көпбалалы отбасы балаларынан -72 оқушы Мектеп бойынша барлығы 174 бала тегін

ыстық тамақпен қамтылған. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Тамақты сапасын бақылау бойынша бракеражды комиссия жұмыстар жүргізеді. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, жұма күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоназытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұлқажетті санитарлықгигиеналықнормалардысақтауғамүмкіндікбереді.

Жазғы демалысты ұйымдастыру

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Жазғы демалысты ұйымдастыру кезені бойынша мектепжанындағы «Айналайын» лагері 1-4 сыныптарда 2 ауысым бойынша өткізіледі. 5-8 сыныптар аралығында үйірме жұмыстары ұйымдастырылады.

№	Үйірменің атауы	Жауапты мұғалім
1	Өлкетану	Барлыханова А.Б
2	Работотехника	Балтабаев Д.К
3	Шахмат	Нурмухамбетова С.С
4	Жағажай волейболы	Нысанғалиев М.Т
5	Футбол	Мукаштаев Н.Н
6	Қолөнер	Бейсенбин Б.Ғ
7	Шебер қолдар	Бейсенбинова Ж.Т

Үйірменің жұмыс жоспары мен оқушылардың тізімдерін жасау тапсырылды.

Қайырымдылық қорынан «Жаздық жолдама- 2024» бойынша 5 квота бөлінді. Лагерь Республика көлемінде ұйымдастырылады. Сыныптарыңыздан дарынды, жетістіктері бар, оқу үлгерімі жақсы оқушыларды мінездемесімен ұсыну тапсырылды.

«Мейірім» сауықтыру лагеріне азқамтылған көпбалалы отбасынан 12 балаға квота берілді. 5-8 сынып жетекшілері сыныптарыңыздан анықтап тізімін беру тапсырмасы айтылды.

Қаулы:

1. Төмен білім сапасын көрсеткен сыныптарға жекелей пәндер бойынша деңгейлік тапсырмалар әзірленіп, зерделеу жұмыстары жүргізілсін.
2. Қорытынды аттестацияны ұйымдастыру бойынша емтихан кестесі бекітіліп, сапалы дайындық жұмыстарын жүргізіліп, қадағалансын.
3. Мұғалімдердің аттестацияға дайындығы жұмыстар жүргізу ОІМ Д.Б.Унұспаеваға жүктелсін.
4. Мектеп бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілу үздіксіз бақылауда болсын.
5. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы «Айналайын» лагеріндегі жұмыстарға дайындық жүргізілсін.

Дауысқа салынды. Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:



К.С.Байғалиев

Хатшы:



Д.Д.Мухатова



**«Ж. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-сі педагогикалық кеңес
отырысының № 5**

Хаттамасы

23 мамыр 2024 жыл

Қатыскандар: _____

Қатыспағандар: 3 (БА курсына
кеткендер)

Күн тәртібінде:

- 1) 2023-2024 оқу жылының білім қорытындысы.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т. Ашимханов
- 2) 2023-2024 оқу жылының білім қорытындысы бойынша 1 - 4 сынып жетекшілерінің есебі
- 3) Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Б.Унусаева
- 4) Мұғалімдердің рейтингісінің қорытындысы. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Б.Унусаева
- 5) Қосымша сұрақтар.

1. Тыңдалды:

Мектеп директоры Байғалиев Қайрат Сыдықұлы педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтарымен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1-сұрақ бойынша ОІМ Қ.Т.Ашимханов сөз кезегін алды. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы және 2023-2024 оқу жылының аяқталуы туралы 2024 жылдың 2 - мамырындағы № 124 бұйрық мазмұнымен таныстырды. 5,6,7,8,10 сынып оқушыларына арналған аралық емтиханның өткізілу тәртібі түсіндіріліп, өту кестесі ұсынылды.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша сынып жетекшілер есеп берді

- 1 «А» сыныбында – 12 бала екінші сыныпқа көшірілді
- 1 «Ә» сыныбында – 11 бала екінші сыныпқа көшірілді
- 2 «А» сыныбында – 11 бала екінші сыныпқа көшірілді, 4 озат оқушыны мақтау қағазымен марапаттауға ұсынамын
- 2 «Ә» сыныбында – 13 бала екінші сыныпқа көшірілді, 5 озат оқушыны мақтау қағазымен марапаттауға ұсынамын
- 3 «А» сыныбында – 14 бала екінші сыныпқа көшірілді, 4 озат оқушыны мақтау қағазымен марапаттауға ұсынамын
- 3 «Ә» сыныбында – 13 бала екінші сыныпқа көшірілді, 6 озат оқушыны мақтау қағазымен марапаттауға ұсынамын

4 «А» сыныбында – 15 бала екінші сыныпқа көшірілді, 3 озат оқушыны мақтау қағазымен марапаттауға ұсынамын

4 «Ә» сыныбында – 12 бала екінші сыныпқа көшірілді, 3 озат оқушыны мақтау қағазымен марапаттауға ұсынамын

ОІМ К.Т.Ашимханов : Сонымен бастауыш сыныпта барлығы 101 оқушы оның 25 оқушысы оқу жылын үздік бағамен аяқтап отыр. 25 үздік оқушыны сынып жетекшілері мақтау қағазымен марапаттауға ұсынып отыр.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша ОІМ Д.Б.Унускаева есеп берді.

ОІМ Д.Б.Унускаева Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы бойынша мектеп жанындағы оқушылардың «Айналайын » жазғы демалыс лагерінің жұмыс кестесімен таныстырып өтті.

Ауысымдар	I ауысым	II ауысым
Мерзімі	03.06-21.06	24.06-12.07
Оқушылар саны	1 «А»-12 1 «Ә»-11 2 «А»-12 2 «Ә»-13	3 «А»-14 3 «Ә»-13 4 «А»-15 4«Ә»-12
Бала саны	48	54
Басшы	Айжанова Ж.Н	Бақыт Г
Тәрбиешілер	Смагулова Г.Т Қабылбаева А.Ә Нурбаева Д.Б	Дөненбаева С.Б Омарханова Б.К Кумарова М.К
Үйірме жетекшілері	Канашева А.М Рахимғалиева А.Д	Абиленова Г.С Садвақасова А.О.
Спорт жетекшісі	Нысанғалиев М.Т	Нысанғалиев А.А

Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ бойынша ОІМ Д.Б.Унускаева алдын ала өткізілген отырыс пен арнайы комиссия шешімімен таныстырып өтті. Оқу жылы бойынша шығармашылықпен жұмыс істеген мұғалімдердің жетістіктері сараланып, баллдық жүйемен сәйкесінше орындар белгіленді. Нәтижелер мектеп ұжымының назарына ұсынылды.

Қаулы:


1. 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты жылдық қорытынды бойынша бастауыш сыныптың 25 үздік оқушысы марапатқа ұсынылсын;
2. 9, 11 сынып оқушылары мемлекеттік қорытынды емтиханға жіберілсін;

3. Оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктерін есепке алу, сәйкесінше саралап отыру, ОІМ К.Т. Ашимханов, Д.Б.Унускаеваға жүктелсін
4. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы «Айналайын» лагеріндегі жұмыстардың жоспарға сәйкес өткізілуі ТІМ Г.Ж.Тагаеваға жүктелсін.
5. Мемлекеттік емтихан мен қорытынды аттестаттау және 5,6,7,8,10 сыныптардағы аралық емтихан бойынша барлық шаралардың ұйымдастырылуы мен өтуін қадағалау ОІМ К.Т. Ашимханов пен Д.Б.Унускаеваға жүктелсін;
6. Жыл қорытындысы бойынша мұғалімдер мен оқушылар марапатталсын.

Дауысқа салынды.

Қаулы бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:  К.С. Байғалиев

Хатшы:  Д.Д. Мухатова



**«К. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-сі педагогикалық кеңес
отырысының № 6**

Хаттамасы

03 маусым 2024 жыл

Қатысқандар: 33

Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

- 1) 2023-2024 оқу жылындағы 5,6,7,8,10-сыныптарындағы аралық емтихандардың өткізілу барысы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т. Ашимханов

- 2) Қазақ тілі пәні бойынша аралық емтихандар қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің есебі.

(Бажаева Т.М, Мадыбаева А.О, Мухатова Д.Д)

1. Тыңдалды:

Мектеп директоры Байғалиев Қайрат Сыдықұлы педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтарымен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1-сұрақ бойынша ОІМ Қ.Т.Ашимханов сөз кезегін алды.5,6,7,8,10-сыныптарындағы аралық емтихандардың өткізілу барысы туралы сараптама оқылды. Оқушылардың пән бойынша көрсеткен білім сапасы мен үлгерімі жайлы қысқаша тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша сөз кезегі пән мұғалімдеріне берілді.
Сөйледі Т.М.Бажаева.

5 «а» сыныбында барлығы он бес оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 73 % .

5 «ә» сыныбында барлығы он төрт оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 64 %

6 «а» сыныбында барлығы он бес оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 93 %

6 «ә» сыныбында барлығы он бес оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 73 %

7 «а» сыныбында барлығы он алты оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 75%

7 «ә» сыныбында барлығы он бес оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 67 %

Сөйледі А.О.Мадыбаева

8 «а» сыныбында барлығы он екі оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 67%.

8 «ә» сыныбында барлығы он бір оқушы тапсырды. Білім сапасы 55%

Сөйледі Д.Д.Мухатова.

10 «а» сыныбында барлығы он бір оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 45%

10 «ә» сыныбында барлығы он бес оқушы аралық емтихан тапсырды. Білім сапасы 67%

Барлық өткізілген аралық емтихан жұмыстарының қортынды сараптама есептері, қосымша ретінде ұсынылады.

Аралық емтиханды тапсырған барлық сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшірулеріңізді және емтиханды «өте жақсы» бағамен тапсырған үздік оқушыларды мақтау қағазымен марапаттауды сұраймыз.

Қаулы:

1. Қазақ тілі пәні бойынша аралық емтихан тапсырған 5,6,7,8,10 сынып оқушылары сәйкесінше келесі сыныпқа көшірілсін.
2. Аралық емтиханды «өте жақсы» тапсырған оқушылар, үлгеріміне сәйкес мақтау қағаздарымен марапатталсын.
3. 5,6,7,8,10-сыныптарда өткен аралық емтихан нәтижесі, жетістіктері, кемшіліктері мониторинг бойынша анықталып, келесі 2024-2025 оқу жылында оқу білім үрдісінде басшылыққа алынсын.

Дауысқа салынды.

Қаулы бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:  К.С. Байғалиев

Хатшы:  Д.Д. Мухатова

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

педагогикалық кеңес отырысының

№ 7 хаттамасы

12 маусым 2024 жыл

Қатысқандар: 20

Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылындағы 9,11 сыныптардағы қорытынды аттестаттау туралы (9-11 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері)

2. 11-сынып бойынша мақтау грамотасына ұсынылған түлектердің тізімін бекіту (11-сынып жетекшілері)

Педагогикалық кеңес мүшелері:

Мектеп директоры: К.С.Байғалиев

Оқу ісінің меңгерушісі: Қ.Т.Ашимханов

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Г.Ж.Тагаева

Мектеп психологы: А.М.Канашева

Мұғалімдер: С.А. Ашимханова, Т.М. Бажаева, Д.А.Нысанғалиева, Жаксыбаев С.Ж., Солтыбаева Н.А.

Хатшы: Д.Д. Мухатова

Тыңдалды. Мектеп директоры К.С.Байғалиев педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, дауысқа салды. Бірауыздан қабылданды. Сөз кезегі 9-сынып жетекшілеріне берілді.

Сөйледі: 9«а» сынып жетекшісі Н.С.Мұратова сөз кезегін алды. 9«а» сыныбында барлығы 12 оқушы. Барлық 12 оқушы мемлекеттік емтихандарды ойдағыдай тапсырып шықты. Сыныпта екі оқушы Қойшыбай Жансая және Құдайбергенұлы Нұртайға «өте жақсы» оқығандары үшін үздік аттестат және қалған 10 оқушыға негізгі орта білім туралы аттестаттарды беруді ұсынамын. Барлық он екі оқушы оныншы сыныпқа көшірілсін.

1. Ганыи Ербақыт

2. Жабезқан Алмат

- 3.Қойшыбай Жансая
- 4.Құдайбергенұлы Нұртай
- 5.Құмар Ерғали
- 6.Нұрболат Ерасыл
- 7.Медеубекова Балнұр
- 8.Мухамадиева Асылжан
- 9.Оралқызы Шуак
- 10.Сейсенбек Жұлдызай
- 11.Сайлан Гүлина
- 12.Серікбек Ілияс

Сөйледі: 9«ә» сынып жетекшісі Д.Д.Мухатова сөз кезегін алды. 9«ә» сыныбында барлығы 11 оқушы. Барлық 11 оқушы мемлекеттік емтихандарды ойдағыдай тапсырып шықты. Сыныпта екі оқушы Жеңіс Естай және Табысбек Ақжолға «өте жақсы» оқығандары үшін үздік аттестат және қалған 9 оқушыға негізгі орта білім туралы аттестаттарды беруді ұсынамын. Барлық он бір оқушы оныншы сыныпқа көшірілсін.

- 1.Асылбек Диана
- 2.Бакытбек Акерке
- 3.Ерланбек Балнұр
- 4.Еркін Әлия
- 5.Жеңіс Ақнар
- 6.Жеңіс Естай
- 7.Қайратқызы Шынар
- 8.Саяқан Азамат
- 9.Серікова Ақнар
- 10.Шакаданұлы Назарбай
- 11.Табысбек Ақжол

Сөйледі : 11 «а» сынып жетекшісі С.А.Ашимханова сөз кезегін алды.

11 «а» сыныбында барлығы 10 оқушы оқыды, барлық оқушы мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып шықты , 10 оқушыға жалпы орта білім туралы аттестаттарының берілуін сұраймын.

1. Алтайбек Қажытай
2. Батырбек Амантай
3. Ерболов Батыр
4. Ерғали Айдана
5. Жұманқызы Айдана
6. Зиябек Зарина
7. Қалық Қуанышбек
8. Өнербек Гүлнұр
9. Рахат Сандуғаш
10. Шәмелкан Жаңылсын

Келесі сөз кезегі 11 «ә» сынып жетекшісі Бажаева Толқын Мейремхановаға берілді.

11 «ә» сыныбында барлығы 15 оқушы оқыды, барлық оқушы мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып шықты , 15 оқушыға жалпы орта білім туралы аттестаттарының берілуін сұраймын.

1.Айаубек Даурен

2.Бакытбек Ерен

3.Данияр Уапын

4.Ерланбек Балғынбек

5.Еркінбек Назерке

6.Еркан Өркеш

7.Қали Айбота

8.Набиева Диана

- 9.Нұрбек Жұлдыз
- 10.Есмұрат Даурен
- 11.Сәрсенбек Сая
- 12.Сейсенбек Үкілай
- 13.Серікбол Жәнібек
- 14.Төлеген Балжан
- 15.Төлеухан Ақбота

Екінші сұрақ бойынша ,мақтау грамотасына ұсынылған түлектердің тізімін бекіту бойынша 11-сынып жетекшілері сөз кезегін алды.Т.М.Бажаева: пән мұғалімдерінің ұсынуымен төмендегі оқушыларды мақтау грамотасына ұсынамын:

- 1.Нұрбек Жұлдыз-қазақ тілі мен әдебиет
- 2.Набиева Диана Омарханқызы- орыс тілі
- 3.Өнербек Гүлнұр- химия
- 4.Батырбек Амантай-Қазақстан тарихы
- 5.Рақат Сандуғаш-қазақ тілі мен әдебиет
- 6.Қали Айбота- биология
- 7.Қалық Қуанышбек-дене шынықтыру
- 8.Есмұрат Дәурен- дене шынықтыру
- 9.Даниар Лашын- информатика
- 10.Жұман Айдана- ағылшын тілі

Қаулы:

1. «К.Шакенсв атындағы орта мектебі» КММ нің 2023-2024 оқу жылының қортындысы бойынша негізгі орта білім туралы аттестат 23 оқушыға,жалпы орта білім туралы аттестатты тізім бойынша 25 оқушыға берілсін.
2. Жеке пәндерден жақсы нәтиже көрсеткен оқушыларға мақтау грамоталары берілсін.

3. Мемлекеттік емтихандарды тапсырып шыққан 9 «а», 9 «ә» сыныптары сәйкесінше 10-сыныпқа көшірілсін.

4. 9-11-сыныптарда өткен қортынды аттестаттау нәтижесі, жетістіктері, кемшіліктері мониторинг бойынша анықталып, келесі 2024-2025 оқу жылындағы оқу-білім үрдісінде басшылыққа алынсын.

Дауысқа сайынды, қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:  К.С.Байғалиев

Хатшы:

Д.Д.Мухатова

